Бекітемін:
Мектеп директоры:
Абеев С.Е.____________

**«Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Сабынды ауылының Үсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі »**
**КММ Аға тәлімгердің 2023-2024 жылдың жылдық есебі**

2023-2024 жыл

***«Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Сабынды ауылының Үсенов атындағы жалпы білім беретін мектебі»комуналдық мемлекеттік мекемесі»***

***«Болашақ»балалар ұйымынын***

***2023-2024 оқу жылы бойынша өткізілген іс-шаралар есебі.***

1 қыркүйек күні Білім күніне арналған салатанатты жиын сағат 11.00-де өтті. Қорғалжын ауданы Сабынды ауылынның әкімі Хамитжанов Мұрат Бақтыбайұлы жиынның қадірлі қонағы болып, ұстаздарға алғыс хаттарын ұсынып, бірінші сыныпқа қабылданып жатқан бүлдіршіндерге арнап ақ тілегінді білдірді.

Жиын 1 сынып оқушылары қошеметпен ортаға шақырумен басталды. Кейін Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеру рәсімі 9а сынып оқушылары Төлеубеков Ақжол мен Еркінбай Еркежанға берілді.

Мектеп директоры Абеев Серік Едігеұлына құттықтау сөзі берілді. Жаңа оқу жылы басталуына байланысты бұйрықты оқу ісінің меңгерушісі Байжуманова А.С. оқыды.1 сынып бүлдіршіндері тақпақтарын айтып, кейін 11 сынып түлектері өз тілектерін білдіріп 1 сыныптарға сыйлықтарын табыс етті.

Алғашқы қоңырауды соғу құрметі 11 сынып оқушысы Бегалы Айгерімге және 1 сынып оқушысы Вебер Артурға берілді. Осымен 1 сынып бүлдіршіндерін Білім күніне арналған шығарып салдық. Осымен 1 қыркүйек Білім күніне арналған салтанатты жиын аяқталды. Барлық сыныптар ашық тәрбие сағаттарына сынып жетекшілерімен мектепке кірді. Әр сыныпта «Білімге ұмтылу,еңбексүйгіштік және патриотизм» атты ашық тәрбие сағаты өткізілді.

2022 жылдың 28 қыркүйегінде мектеп президентінің сайлауы өтті. Сайлауға 9-10 сынып оқушылары үміткер ретінде ұсынылды. Таңдалған үміткерлердің барлығы мектеп белсенділері. Ережелерге сәйкес президент міндетті түрде мектеп үздігі болуы шарт емес. Сайлауға 5-11 сынып оқушылары қатысты. Әр оқушы жеке-жеке дауыс беріп, барлығы белсене қатысты. Үміткерлердің ішінен ең көп дауыс жинаған 9 «а» сынып оқушысы Боранбай Каусар болып шықты. Мектеп Президентіне төс белгі тағу рәсімі жұма күні өтетін жиында болды. Төс белгіні мектеп директоры табыстады.

Ұстаздар күніне орай іс – шаралар жоспарға сай өткізілді.

«Ұстазға құрмет – шәкірттік ізет» тақырыбында фотокөрмені 5-6 сынып оқушылары дайындады. Оқушылар ұстаздарға арнап жылы лебіздерін білдірді.

Мұғалімдерге арналған «Менің сүйікті ұстазым» атты бейнероликтер 9 сынып оқушыларының атынан ұсынылды. Бейнероликтер мереке күні дәлізде көрсетілді.

9а,9ә,9б сыныптарының ұйымдастыруымен 5 қазан күні ұстаздар мерекесі атап өтілді.

Оқушылар ұстаздарға арнап слайд жасап, гүл шоқтарымен қарсы алды. Мерекелік көңіл күй 5 қазан күні сағат 10:30-де болған мерекелік концертпен жалғасты. Оқушылар өздерін жан-жақты көрсете білді. Мерекелік іс – шара жоғарғы деңгейде өткізілді. Іс-шараға ардагер ұстаздар шақырылды. Ұстаздармен түрлі ойындар өткізіліп, викториналық сұрақтар қойылды.

Қазан айының 18 – ші жұлдызынан бастап Қарттар күніне арналған іс – шаралар өткізілді.

7 қазан күні 7а,7б орта буын сыныптарының және жергілікті акиматтың ұйымдастыруымен «Қарттарын қадірлеген - ел ардақты» атты мерекелік бағдарлама жеке құрмет мейрамханасында өткізілді. Жауапты ұстаздар Мукашев Аблайхан. Папов

Виктор Викторивич Іс – шара жоғарғы деңгейде өткізілді. Қарияларға мерекелік дастарханды ауылдық акимат жайды.

Сонымен қатар 9ә,9а сыныптар аралығында ардагер кісілерге «Болашақ» балалар ұйымымен ұйымдастырылған көмек қазан айы бойы көрсетіледі.

19 -20 қазан аралығында мектебімізде күзгі мерекелік іс – шаралар өткізілді.

19 қазан бастауыш сыныптар арасында «Алтын күз», 20 қазан орта буын сыныптары арасында «Армысың, алтын күз!», жоғарғы сыныптар арасында «Күзгі бал» мерекелік іс – шаралары өткізілді. Аталған іс – шаралар жоспарға сай өтті.

Бастауыш сынып бүлдіршіндері 3а,3б сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен әр сыныптан «Қол өнер сайысы,Күзгі мода, өз өнерлерін көрсету, оқушылар бірлесіп қолөнер жасады. Өз сыныбының қолдаумен өнерін көрермендерге паш етті. Әділ қазы алқалары қатысушылардың өнерін тамашалап, әділ бағаларын берді,

Жоспар бойынша 3а,5б,-сыныптарының ұйымдастыруымен «Күз ханшайымдары» сайысы өтті.

Жауапты.Қымбат Балтабековна,Толқын Аманжоловна Сайыс 3 кезеңнен құрылды.: Күзгі мода, қолөнер, Өз өнерлерін көрсету. Ұпай санымен алға шығып, «Алтын Күз »сайысында 2ә сыныбы 1 орынға ие болды. Жоғарғы сыныптарда өткен «Күзгі балға» 10а, сыныптары жауапты болды. Ережеге сай әр сынып өз өнерлерін көрсетті және ойындар мен сайыстар өткізді. Барлық оқушылар белсене қатысып, соңында би кешімен жалғасты.

**Аға тәлімгер:** **Абзелов Қ.Қ**